

Жер қойнауын пайдалану саласындағы тексеру парагының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің м.а. 2010 жылғы 15 ақпандағы N 31 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 18 ақпандағы N 73 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 20 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6079 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 348 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 1 қазандағы № 325 бірлескен бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Индустрія және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2011.09.27 № 348 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011.10.01 № 325 бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған жер қойнауын пайдалану саласындағы тексеру парагының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.С. Өжкенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін оның ресми жариялануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің жауапты хатшысы Қ.Б. Сафиновқа жүктелсін .

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік*

*Қазақстан Республикасы
Энергетика және минералдық*

жоспарлау министрі

ресурстар министрінің

Б. Сұлтанов

міндетін атқаруышы

Д. Тұрғанов

Қазақстан

Республикасы

Экономика

және бюджеттік

жоспарлау

министрінің

2010

жылғы

18

ақпандасы

№

73

және

Қазақстан

Республикасы

Энергетика

және

минералдық

ресурстар

министрінің

міндетін

атқаруышының

2010

жылғы

15

ақпандасы

№

31

бірлескен

бұйрығымен

бекітілді

нысаны

Жер қойнауын пайдалану саласындағы тексеру парагы

Органның атауы

Тексеруді белгілеу туралы акті

(№ , күні)

Субъектінің атауы

Орналасқан мекенжайы

№ р/с	Тексеру барысында қамтылатын мәселелер
Көмірсутек шикізаты	
1.	Келісім-шартқа лицензияның, келісім-шарттың, жұмыс бағдарламасының болуы
2.	Геологиялық барлау жұмыстарының, геофизикалық жұмыстардың, ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ұнғыларды салу, технологиялық жұмыстардың жобалық құжаттарының болуы және орындалуы, әзірленімдердің технологиялық схемасы және авторлық қадағалау есептері, Қазақстан Республикасының Кор жөніндегі мемлекеттік комиссиясының және Кор жөніндегі орталық комиссияның сараптамалық қорытындылары
3.	Жер қойнауының мониторингінің, жерасты суларының мониторингінің бағдарламалары және есептері (геодинамикалық мониторингті, сейсмологиялық мониторингті жүргізу бойынша)
4.	Кенорындарын игеру жағдайы
5.	Өндіруші және нығызаушы ұнғымалар жұмысының технологиялық режимдері
6.	Кенорны және объектілер бойынша әзірленімдердің жобалық және нақты технологиялық көрсеткіштерінің сәйкестігі
	Кенорындарын игеру, пайдалану және жайластыру жағдайы (кендердің энергетикалық жағдайы, мұнай және газ фонтандарының туындауын алдын алу шаралары, қабаттық және забойлық қысымдар

7.	динамикасы, ұнғымалар бойынша қанықтық қысымдары және тұтас алғанда кенорындарды жылдар бойынша жинау, есепке алу және өнімді дайындау)
8.	Бұргылау жұмыстарының жағдайы және ұнғымаларды салу сапасы
9.	Мұнай және газ ұнғымалардың консервациялау және тарату жағдайы
10.	Баганааралық қысымдар (баганааралық қысымдарының пайда болу себептері және оларды жою бойынша жүзеге асырылатын шаралар)
11.	Ұнғымалардың қоры (консервациялауда түрған ұнғымалардың жағдайы; бағанааралық қысымы бар ұнғымалардың жағдайы; мұнайдың құйылуының қарқындылығы туралы мәліметтер)
12.	Өндіруші ұнғымалардың жұмысы туралы есеп (жынтық)
13.	Кенорындары бойынша жұмыс агентінің, судың, газдың, мұнайдың және ілеспе газдың айдау көлемдері бойынша мәліметтер
14.	Газды қедеге жарату бағдарламаларын іске асыру жағдайы
15.	Мемлекеттік бакылау органдарымен келісілген ілеспе газды жағуға рұқсаттың болуы
16.	Газды жағу және қедеге жарату жою туралы мәліметтер
17.	Газды жағу және факельдік шаруашылығы бойынша оператордың есеп журналы
18.	Аспаптар: өлшеу аспаптары бойынша сертификаттар және тексеру актілері 1) зерттеу қызметтерінің бақылау-өлшеу аспаптарымен қамтамасыз етілуі; 2) мұнайды, конденсатты, газды өндіруді және газды айдаудың есебі бойынша жабдықтардың жағдайы : типі, шыгарылған жылы, дәлдік сыйныбы
19.	Барлық ұнғымалар өлшеумен қамтамасыз етілуі
20.	Өлшеу қондырғыларының және өндірілетін минералдық шикізатты есептеуге арналған аспаптардың жағдайы
21.	Геодинамикалық мониторингті жүргізу жағдайы
22.	Өндірілген пайдалы қазбалардың және тұтас алғанда кенорны бойынша және горизонттар бойынша ысыраптардың есебінің дұрыстығы
23.	Аяқталған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша аумақтық корларға есептерді уақытында ұсыну және бастапқы материалдарды Өнірааралық аумақтық департаменттерге тапсыру
24.	Ақпарат сатып алу туралы келісімге сәйкес геологиялық ақпаратты пайдаланғаны үшін төлемнің уақытылығы
Жерасты сулары	
25.	Пайдалану ұнғымаларының жоба бойынша және нақты санының сәйкестігі, олардың орналасуы және есептелген схемаға сәйкес жүктемелері
26.	Ұнғымалардың жабдықтарының жобаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі
27.	Нақты өндіру көлемдерінің және 3-лицензиялық-келісім-шарттық ережелерінің статистикалық есеп нысаны бойынша сәйкестігі
28.	Кенорында жерасты сулары мониторингінің режимдік желісінің болуы және бақылауды жүргізу
29.	Санитарлық қорғау аймақтарының болуы және олардың сақталуы
30.	Ұнғымалардағы өлшеу аппаратураларының болуы
31.	Талдау нәтижелерінің болуы
32.	Жерасты суларын өндіру есебі
Қатты және кең таралған пайдалы қазбалар	
33.	Геологиялық барлау жұмыстарының жобалық құжаттарының, игерудің техникалық жобаларының Қазақстан Республикасының Кор жөніндегі мемлекеттік комиссиясының ұсыныстары болуы және орындалуы

34.	Геологиялық есептің және 1-лицензиялық-келісім-шарт ережелерінің нысаны бойынша есептің ұқытылы ұсынылуы
35.	Келісілген Жылдық жұмыс бағдарламасының орындалуы (геологиялық барлау жұмыстарының, өндіру, тау-кен-дайындау және аршу жұмыстарының көлемдері, кен жұмыстарының, бітеу жұмыстарының бағыттары)
36.	Өткен жартыжылдық және жыл бойынша геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша ақпараттық есептер
37.	Келісім-шарттық аумақтың қайтарылу жағдайы
38.	Жер қойнауының озық зерттелуін қамтамасыз ету (бұргылау жұмыстарының көлемі, сынамаларды іріктеу әдістемесі және сынауды бақылау)
39.	Пайдаланудағы барлау бойынша жұмыстардың орындалуы және негізділігі, нәтижелерінің дұрыстығы және сапалығы, оларды жұмыс участкесінде кен-геологиялық жағдайды нақтылауда пайдалану. Қорлардың күтілетін өсуі, оларды негұрлым жоғары санаттарға ауыстыру.
40.	Геологиялық-маркшейдерлік күжаттаманың жүргізуін қамтамасыз ету
41.	Тау жыныстарының, борттардың, тілімдердің, карьердің қозгалысын бақылау бойынша маркшейдерлік жұмыстардың жағдайы
42.	Пайдалы қазбаларды өндіру, ысырабы мен құнарсыздану есебін жүргізу, қорларының жағдайы және жылжуы
43.	Қазып алу бірліктерінің игерудің толықтығы, оларды игеруге жергілікті жобалардың және олардың жою актілерінің болуы
44.	Уақытша-белсенді емес қорлардың болуы және оларды жою жоспарының сақталуы
Барлық пайдалы қазбалар бойынша келісім-шарттық ережелердің орындалуы	
45.	<p>Келісім-шарттық міндеттемелердің орындалуы:</p> <p>1) Келісім-шарттың жұмыс бағдарламасының орындалуы бойынша;</p> <p>2) келісілген Жылдық жұмыстарының бағдарламасының болуы;</p> <p>3) Тарату коры бойынша құру және қаржыны жинақтау бойынша;</p> <p>4) қазақстандық қамтуда бойынша;</p> <p>5) жер қойнауын пайдалану бойынша арнайы салық міндеттемелері бойынша мемлекеттік бюджетке міндетті төлемдерді төлеу бойынша;</p> <p>6) келісім-шарттық аумақты қайтару бойынша;</p> <p>7) лицензиялық-келісім-шарттық ережелер нысаны бойынша есептерді ұсыну бойынша.</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК